

Сайрам ауданының мәслихатының 2018 жылғы 5 маусымдағы № 28-184/VI "Сайрам аудандық ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Түркістан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2022 жылғы 18 наурыздағы № 14-92/VII шешімі

Сайрам ауданының мәслихаты ШЕШІТІ:

1. Сайрам ауданының мәслихатының "Сайрам аудандық ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентін бекіту туралы" 2018 жылғы 5 маусымдағы № 28-184/VI (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4638 тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Сайрам аудандық ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентінде:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сайрам аудандық ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламенті (бұдан әрі – Регламент) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 39-3-бабының 3-1-тармағына сәйкес әзірленді.";

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Жиналыш жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелер бойынша өткізіледі:

бағдарламалық құжаттардың, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларының жобаларын талқылау және қарau;

ауыл, кент, ауылдық округ (бұдан әрі – ауылдық округ) бюджетінің жобасын және бюджеттің атқарылуы туралы есепті келісу;

ауылдық округтің коммуналдық меншігін (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін) басқару жөніндегі ауылдық округ әкімі аппаратының шешімдерін келісу;

бюджеттің атқарылуын мониторингтеу мақсатында жиналышқа қатысушылар қатарынан жергілікті қоғамдастық комиссиясын құру;

ауылдық округ бюджетінің атқарылуына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есепті тыңдау және талқылау;

ауылдық округтің коммуналдық мүлкін иеліктен шығаруды келісу;

жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылау;

ауылдық округ әкіміне кандидат ретінде тіркеу үшін тиісті аудандық сайлау комиссиясына одан әрі енгізу үшін аудан әкімінің ауылдық округ әкімі лауазымына ұсынған кандидатураларын келісу;

ауылдық округ әкімін лауазымынан босату туралы мәселеге бастамашылық жасау;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақтарда орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау жөнінде ұсыныстар енгізу;

жергілікті қоғамдастықтың басқа да ағымдағы мәселелері.";

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Заңның 39-3-бабы 3-тармағының 4-3) тармақшасында көзделген, жергілікті қоғамдастық жиналышының шақырылу уақыты, орны туралы жергілікті қоғамдастық жиналышының мүшелері жиналыш өткізілетін күнге дейін құнтізбелік үш күннен кешіктірілмей хабардар етілетін жағдайды қоспағанда, жиналыштың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жиналыштың мүшелері жиналыш өткізілетін күнге дейін құнтізбелік он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен хабардар етіледі.

Әкім аппараты жиналыштың мүшелеріне және әкімге жиналыштың қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қажетті материалдарды жиналышқа шақырғанға дейін құнтізбелік бес күннен кешіктірмей жазбаша түрде немесе электрондық құжаттысында ұсынады".

11 және 12-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"11. Жиналыш өз өкілеттігі шеңберінде шақырылымға қатысып отырған жиналыш мүшелерінің көвшілік даусымен шешімдер қабылдайды.

Дауыстар тең болған жағдайда жиналыштың төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

Жиналыштың шешімі хаттамамен ресімделеді, онда:

- 1) жиналыштың өткізілген күні мен орны;
- 2) жиналыш мүшелерінің саны және тізімі;
- 3) өзге де қатысушылардың саны және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетілген тізім;
- 4) жиналыш төрағасы мен хатшысының тегі, аты, ккесінің аты (бар болса);
- 5) күн тәртібі, сөйлеген сөздердің қысқаша мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Хаттамаға жиналыштың төрағасы мен хатшысы қол қояды және хаттамада ауылдық округ әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы жергілікті қоғамдастық жиналышының шешімі қамтылған жағдайларды қоспағанда, екі жұмыс күні ішінде ауылдық округ әкіміне беріледі.

Ауылдық округ әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы шешімі бар жергілікті қоғамдастық жиналышының хаттамасына жиналыштың

төрағасы мен хатшысы қол қояды және бес жұмыс күні ішінде ауданның тиісті мәслихатының қарауына беріледі.

12. Жиналыс қабылдаған шешімдерді ауылдық округ әкімі бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Әкімдер жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімімен келіспейтіндігін білдіруге құқылы, бұл Регламенттің 2-тарауында көзделген тәртіппен осындағы келіспеушілік тудырған мәселелерді қайта талқылау арқылы шешіледі.

Ауылдық округ әкімінің келіспеушілігін тудырған мәселелерді шешу мүмкін болмаған жағдайда, мәселені жоғары тұрған әкім тиісті аудан мәслихатының отырысында алдын ала талқылаудан соң шешеді".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сайрам аудандық мәслихатының хатшысы*

*Ш.Халмурадов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК